

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 723 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 5 мамырдағы № 271 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 мамырда № 27976 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-медицинск (медициналық) қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 723 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21873 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-медицинск (медициналық) қамтамасыз ету қағидаларында:

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Әскери бөлімнің және мекеменің шегінен тыс жоспарлы тәртіппен стационарлық емделуге жіберілетін әскери қызметшілерге:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарлық емделуге жолдама;

2) әскери қызметшінің медициналық кітапшасы беріледі.

Әскери қызметшілерде өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты, офицердің жеке куәлігі немесе әскери билеті болады.

Әскери қызметшілерді, оның ішінде басқа өнірлерден (гарнizonдардан) жоспарлы стационарлық емделуге госпитальға жатқызу күні бейінді бөлімше бастығымен және (немесе) әскери госпитальдың, лазареттің медициналық бөлім бастығымен алдын ала келісу бойынша айқындалады.";

132-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"132. Анықталған инфекциялық науқастарды және инфекциялық ауруға құдікті адамдарды медициналық роталар мен пункттердің оқшаулағышына орналастырады. Штаттық оқшаулағышы жоқ әскери бөлімдерде инфекциялық науқастарды алдын ала көзделген үй-жайда оқшаулайды. Мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілері, курсанттар, кадеттер қатарынан инфекциялық науқастарды (симптомсыз таратушыларды) амбулаторлық емдеуге және олардың әскери ұжымда болуына жол берілмейді.".

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің Бас әскери-медициналық басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінде интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зан департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бүйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі*

P. Жаксылыков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК